

**«6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы
бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Абильбакиева Галия Тұрысбековнаның «Ақпараттық коммуникациялық
технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің
басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми көңесшінің**

ПІКІРІ

1. Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Өйткені, Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамуы білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының біріне айналды. Сондықтан да, әлемдік білім кеңістігінде мектепке дейінгі педагогиканың мәселелерін шешуде жаңа көзқарасты, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін көсіби пайдалана алатын, құзыреттілікпен каруланған мамандарды даярлау қажеттілігі қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Ол үшін тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіру, үнемі жаңалыққа жол ашу бағыттарын үнемі қарастырып отыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, диссидентант Г.Абильбакиеваның зерттеу тақырыбын «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» деп алыу оның тақырып таңдаудағы шешімінің дұрыстығын білдіреді. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының үтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге кол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Өскелен ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сай сапалы білім беру және оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу педагогика ғылымы саласында жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Дәстүрлі оқыту мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге кепілдік бермейтінін күнделікті іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Оның шешімі оқу-тәрбие үдерісіне жаңа педагогикалық, интербелсенді технологияларды және АҚТ-ны ендіру болып табылады.

Ендеше, диссидентант Г.Абильбакиеваның зерттеу тақырыбының заман талабына орай көтерілген, өзекті мәселе екендігі күмән туғызбайды. Диссидентант қазіргі жоғары педагогикалық оқу орындарында АҚТ-ны нәтижеге бағытталған білім беру барысында бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабактастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру үшін АҚТ-ны пайдалана отырып мектепке дейінгі

ұйым (МДҰ) педагогтерінің біліктілігін арттыру қажеттілігі артып отырғанын айтқан. Бұл диссертацияның өзектілігін дәлелдеп қана қоймай, Г.Абілбакиеваның зерттеу жұмысының теориялық құндылығын арттыра туследі.

2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығы дәрежесі: Диссертант Г.Абілбакиеваның зерттеу барысында ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу мен отандық және шетел ғалымдарының педагогикалық-психологиялық әдебиеттерін талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, озық тәжірибелерге талдау жасау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау, саулнама, диагностикалық әдістемелер, математикалық өндөу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген;

- болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы «басқарушылық құзыреттілік» ұғымының мәнін нақтылаған;

- акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған;

- болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін дамыту әдіstemесі жасалған.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы: «Акпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» болашақ МДҰ педагогтерін Акпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерін даярлаудың теориялық негіздері мен әдіснамалық тұғырларының айқындалуы, мазмұндық-күрылымдық моделінің күрілуы, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу әдебиеттеріне талдау жасау негізінде «басқарушылық құзыреттілік» ұғымына анықтама беріп, назардан тыс қалдырмауы да алынған жұмыс нәтижелерінің маңызын танытады. Ал, диссертанттың «Мектепке дейінгі үйым педагогтерінің акпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы басқару құзыреттілігін дамыту» атты элективті курсы мен «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзіреттілігін қалыптастыру негіздері» әдістемелік құрал дайындауы және олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеруі диссертация жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра туследі.

4. Диссертацияның мазмұны мен жазылуды жағынан кездескен кемшіліктер: Диссертацияның мазмұны толық, рәсімделуінде де кемшіліктер кетпеген, жалпы зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған. Бұл

докторанттың диссертациялық жұмысты жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі: Диссертациялық жұмыс жеке жазылған, аяқталған ғылыми жұмыс болып саналады. Диссертацияның бөлімдері мен тақырыпшалары бір-бірімен логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай отырып, баяндалған. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының дәлелді жүргізілуі зерттеушінің зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік менгергенін байқатады. Г.Абілбакиеваның «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы ұсынып отырған диссертациясы және осы жұмысты орындау барысында жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес келеді.

6. Көпшілік алдында қорғауға жіберуге ұсыну: Абілбакиева Галия Турсыбековнаның «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек. Сондықтан, диссертациялық жұмысты өте жақсы жазылған деп есептеп, «6D010100-Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі,
п.ғ.д., профессор



Кеңесбаев С.М.